



*Адам ата-анадан туғанда есті
болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып
ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды
таниды -дағы..*

(Он тоғызыншы сөзі)

Сабақтың тақырыбы:

**Грамматика және оның салалары.
Грамматикалық ұғымдар**

Жоспар:

- Грамматиканың объектісі - сөз.
- Сөздің дыбыстық комплекс жағы.
- Сөздің дыбыстық жағы мен мағынасы арасындағы байланыс. Сөздің лексикалық мағынасы.
- Тілдің грамматикалық құрылысы жайында ұғым.
- Грамматиканың салалары: морфология және синтаксис.

Тілдің қызметі:

- ойды білдіру;
- коммуникативтік (қатысымдық),
- эстетикалық-экспрессивтік

Тіл білімінің салалары, зерттеу нысаны

- Фонетика
- Лексикология
- Сөзжасам
- Морфология
- Синтаксис

Сөз:

- Дыбыстар жиынтығынан құралады
- Мағына білдіреді.
- Тілдің ең кіші мағыналы бөлшегі.
- Сөздің дыбыстық жағы мен мағынасы арасында байланыс болады.

Грамматика

- Грекше **grammatike** – оқи алу, әріп жаза білу. Тіл білімінің бір саласы.
- Ол сөздердің түрлену жүйесі мен грамматикалық мағыналарын, олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынастарды, сөйтіп, сөздердің тұлғалану ерекшеліктерін, сөздердің бір-бірімен тіркеске түсіп, сөйлем құрау сияқты қасиеттерін қарастырады

Морфология:

- Гректің **morphe** - форма, тұлға және **logos** - сөз, ілім сөзінен шыққан.
- Морфология – морфема ретіндегі сөз және оның формалары, сөз тұлғалары білдіретін грамматикалық мағыналары туралы ілім

Синтаксис:

- Гректің **Sintaxis** – құрылыс, тізбек, тіркес, тәртіп деген сөзінен қалыптасқан.
- Сөйлемде сөздердің атқаратын қызметтерін, сөйлем құрау, олардың құрамдық, құрылыстық түрлері мен типтерінің ерекшеліктерін қарастырады.

Тілдің грамматикалық құрылысына

- *грамматикалық мағына, грамматикалық форма, яғни сөз, оның формалары мен жүйесі, сөздердің бір-бірімен қатынасы, тіркесі, сөйлем құрауы жатады.*

Пысықтау үшін сұрақтар

- 1. Грамматиканың зерттеу нысаны не?
- Сөздің анықтамасы қандай?
- Сөздің дыбыстық жағы мен мағынасы арасындағы байланыс қандай байланыс деп аталады?
- Сөздің лексикалық мағынасына қандай белгілер тән?
- Тілдің грамматикалық құрылысы қандай ұғымдармен байланысты?
- Грамматиканың салалары қандай, олар нені зерттейді?

Әдебиеттер:

- Қазақ тілінің грамматикасы.,1967. 1-7-беттер.
- А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А.,1974. 5-12-беттер
- К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. А.,1993. 85-91-беттер.
- С. Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А.,1992. 4-12-беттер.
- С. Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А,1998. 4-11-беттер

II. Грамматикалық ұғымдар

- 1. Сөздің грамматикалық сипаты.
- 2. Басты грамматикалық ұғымдар.
 - а) грамматикалық мағына;
 - ә) грамматикалық форма;
 - б) грамматикалық категория.
- 3. Сөз формалары

Басты грамматикалық ұғымдар

- Грамматикалық мағына
- Грамматикалық форма
- Грамматикалық категория

Грамматикалық мағына

- - сөздің жалпы мағынасы.
- лексикалық мағынадан кейін пайда болады.
- Сөйлеу процесінде пайда болады.

ЛМ.

ГМ



Грамматикалық форма

- -грамматикалық мағынаны білдірудің амал-тәсілі , сөздің сөйлеу процесінде түрлену жүйесінің тұлғалық көрінісі.

Грамматикалық категория:

- Грамматикалық мағына мен форманың бірлігінен, жиынтығынан тұрады.
- Парадигмалық түрлену жүйесінің көрсеткіші
- Сөз табына тән.

Пысықтау үшін сұрақтар

- 1. Басты грамматикалық ұғымдарға нелер жатады?
- 2. Грамматикалық мағына деген не? Оның лексикалық мағынадан басты айырмашылығы неде?
- 3. Грамматикалық форма деген не, оның қандай түрлері бар?
- 4. Грамматикалық категория деген не? Грамматикалық категория сөз таптарымен байланысты ма, жоқ па?
- 5. Сөз формаларының қандай түрлері бар?

Әдебиеттер:

- К. Аханов. Грамматика теориясының негіздері. А., 1972. 4-17-беттер
- К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., 1993. 319-359-беттер.
- З. Н.К.Дмитриев. Строй тюркских языков. М., 1962.
- 4.А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология А., 1974. 13- 23 -беттер.
- 5. Ә.Ибатов. Сөздің морфологиялық құрамы. А., 1983.
- С.Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. 1992. 12-26-беттер.
-







